

№1 менгеруші жынындағы кеңес.

**МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оқу жылындағы №1
менгеруші жынындағы кеңестің хаттамасы.**

Откізілу мерзімі: 12.09.2021ж

Қатысқандар саны: 20.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін менгерту.
2. Күн тәртіндегі сауықтыру шараларын талдау.
3. Ертеңгілік сценарилерді бекіту.
4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту.

Тындалды:

1. Балабақша менгеруші жаңа оқу жынының алғашқы менгеруші жынындағы кеңестің күн тәртібі мен таныстырыды. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін менгерту» тақырыбындағы тәрбиеші А.Қоршабаеваның баяндамасы тындалды. Балабақшада берілген тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан - жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Қазақстан Республикасының білімді дамыту түжірлемдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Демек, бала - біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет - тәуелсіз мемлекетіміздің уығы бол қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас үрпақты тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары:

- түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
- оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
- сабактан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту. Осылайша балалармен жұмыстар жүргізіліп отыруымыз бүгінгі күннің талабы деп өз ойын қорытындылады.

2. Күн тәртіндегі сауықтыру шараларын талдау бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиеваның талдауы тындалды. Баланың балабақшага жылдам және ауыртпалықсыз бейімделуі үшін ата-аналар баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесіне дейін біраз уақыт дайындаулары керек. Баланың жаңа ортада қалай сезілетініне үлкен әсер етеді, күнделікті өмірде ойнайды. Әр балабақшада күн тәртібі бар екені белгілі. Ұйықтау, ойындар, тамақтану және балабақша сабактары белгілі бір сағаттарда өткізіледі. Баланы балабақшага берер алдында ата-аналар үйде бір күнді үйкі мен тамақтану уақытын балабақшадағыдай сағатта өткізетін етіп ұйымдастырулары керек. Бұл үшін ата-аналар күн тәртібінің балабақшада екенін білуі керек. Балабақшадағы жұмыс режимін ұйымдастыру балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, сабактарға және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететін етіп жасалған. Балабақшадағы баланың жағдайы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ әрбір мектепке дейінгі мекеме бірдей жалпы ережелерге бағынады деп талдауын аяқтады.

3. Балабақша менгерушісі П. Жұніс жыл бойына өтетін ертеңгілік сценарилерді бекітті. Әрине өзіміздің жыл бойында дәстүрлі аталып келе жатқан мерекелеріміз белгілі, оны міндетте түрде ұйымдастырып өткізіп отырамыз. Одан барлықтарыңыз хабардарсыздар. Ертеңгіліктерді өз деңгейінде ұйымдастырп өткізу қадағалауды балабақша әдіскері Н.Тожиеваға жүктеймін.

4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналға бұрыштарды жаңарту. Ол әр топта ұйымдастырылған. Осы мақсатта, ата-аналар үшін ақпарат бұрыштар, балабақша, үшін қолайлышты жақсы. Әр топтың ата- аналары туралы ақпаратты көрнекті жерде оларды орналастыру керек. Жаңа оқу жылына сай топтар жаңартылып ата-аналар комитеті қайта сайланып, ата- аналар бұрышына кестесі түзіліп ілінулі түру керек. Топ тәрбиешілері солай жасап қойғандықтарын айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін меңгерт» тақырыбындағы А. Қоршабаеваның баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын жұмыстарын қадағалау әдіскер Н. Тожиеваға жүктелсін.
3. Ертеңгілік сценарилерді бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:



П. Жұніс

Н. Абу

№2 менгеруші жанындағы кенес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы №2 менгеруші жанындағы кенестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 28.12.2021ж

Катысқандар саны: 20.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Көркем әдебиет арқылы балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу»
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау.
3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі - дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жетілдіру.
4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау. (барлық топтар)

Тындалды:

1. Балабақша менгеруші П. Жұніс менгеруші жанындағы кенестің күн тәртібі мен таныстыруды. «Көркем әдебиет арқылы балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Г.Сейдаханованаң баяндамасы тындалды.

Қазіргі тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлер шақ туды. Эрине, бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып қойған емес. Бірақ, бүтінгідей қоғамның аласапыран шағында адам баласын адамгершілік тәрбиеге баулу өте - мәте маңызды мәселе болмақ. «Көркем әдебиет арқылы балаларды рухани – адамгешілікке тәрбиелеу» бағытында мен 2018– 2019 оку жылынан бастап ортаңғы топ балаларымен, 2019- 2020 оку жылында ересектер тобы балаларымен, 2020-2021 оку жылында ересектер тобы балаларымен жұмыс істей бастадым. Мен, мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын, ой – өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше деп ойлаймын. Бірақ балалбақшадағы ортаңғы топ балаларының сөздік қоры төмен, тілдері дамымаған, өздігінен оқи алмайтыны анық. Сондықтан осы мәселелерді шешу үшін алдыма мынандай мақсаттар қойдым:

1. Балалардың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу.
2. Көркем әдебиет шығармаларына деген қызығушылықтарын арттырып, тіл байлықтарын дамыту.
3. Бала бойына тамаша қасиеттерге, адалдыққа, мейрімділікке, имандылыққа , еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Осы мақсатымды орындау үшін, көркем әдебиет үйымдастырылған оку қызметтерінде балалардың ертегіні байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіруде, ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, грамматикалық жағынан дұрыс байланыстырып, жүйелі әңгімелеп беруге үйрете бастадым. Тіл байлықтарын арттыру мақсатында және

оқылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау негізінде күннің екінші жартысында осы оқыған ертегіні балалармен саҳналадық. Мысалы: «Ақымақ қасқыр», «Мақта қыз бер мысық», «Тұлкі мен арыстан», «Дос іздеген бота», «Шал мен дәу» тағы да басқа ертегілерді балалар қызығушылықпен саҳналады. Олар өздерінің қалаған ертегілерін кейіптендірді, сөздерін жатқа айтып отырып, өзі қалап алған кейіпкерлердің көңіл - күйін, іс - әрекетін беруге тырысты. Ертегінің кейіптендіруде баланы дұрыс сөйлеуге, сөйлемді байланыстыра құрастырып айтуда көп назар аудардым. Мен өз жұмысымды қорыта келсем, балаларға күнделікті оку, тәрбие процесінде, «жаман мен жақсыны» байқауды, оларға үлкендер тарапынан берілген бағаны түсінуді, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеп, алдымға қойған мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Болашақта осы жұмысымды ары қарай жалғастырып, балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу үшін топта көркем әдебиет шығармалармен кітап бұрышын толықтыру, және саҳналауға арналған театр бұрыштарын жасақтап толықтыруды жалғастырамын деп өз ойын қорытындылады.

2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақ еңбек етіп, өмір суретіндер- бүгінгі жас үрпақ, ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Және де халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет — жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті үрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын. Сондықтанда әр педагог өзінің білімін жетілдіріп, іздену қажет.

Дарынды, білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастырудың біздің бөбекжайымыз білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп және жаңа инновациялық білім технологиясын менгерту деміз. Шығармашылық қабілеттің дамытуға бағытталған Триз технологиясы. Стандартпен мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оку жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған. Қорыта келгенде жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарлама-дағы мектепжасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талаптарды жүзеге асыру болып табылады, жаңа инновациялық технологияларды оку және іс-әрекет барысында қолдануымыз қажет.

3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі - дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жетілдіру бойынша балабақша тәрбиешілері: А. Коршабаева, Н. Сейдаханова, Ш. Джамбулова өз ойларымен бөлісе кетті. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі — білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын менгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас үрпақ тәрбиеленушілерге менгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

1. Монтессори технологиясы
2. Жобалау технологиясы
3. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы
4. Денсаулық сақтау технологиясы

ілімді игеру үстінде баланың ақыл-ойын дамытуға, ғылыми білімді игертуге, деректерді есте сақтауға әрбір оқу іс-әрекеті үстінде интерактивті тақтаны пайдалану қажет-ақ. Өйткені, берілген тақырып бойынша жаңа оқу іс-әрекетті түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір оқу іс-әрекеттің әсерлігін және мазмұнын арттырып, балаға қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді. Интерактивті технологияны қолдану арқылы тәрбиеші мен бала арасында екіжақты байланыс орнайды. Тәрбиеші өзінің көздеген мақсатына тиімді жолмен жетсе, бала тұлға болып қалыптасу жолындағы негізгі қасиеттерді бойына қалыптастырады. Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бұлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Міне, балаға отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Біздің басты мақсатымыз – отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу деп өз ойларын қорытындылады.

4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау барлық топтар бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева 2021-2022 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I -деңгейде 43 бала. Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 36%, II -деңгейде 62 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 46%; III -деңгейде 35 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 18% құрап отыр. Бұл дегеніміз балалармен әліде жұмысты жандандыру керек деген сөз. Орта, жоғары деңгейге балаларды көтеру керек әліде.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Көркем әдебиет арқылы балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбындағы Г. Сейдаханованың баяндамасы өте жоғары деңгейде бағалансын, баспа сөз беттеріне жариялансын.
 2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау қорытындысы бойынша жұмыстар жақсы деңгейде ұйымдастырылсын.
 3. Педагогтар инновациялық технологиялар мен көрнекі -дидактикалық материалдар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
 4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау нәтижесі бойынша топтарды жұмыстар жүргізуін қадағалау балабақша әдіскері Н.Тожиеваға жүктелсін.

Балабақша менгерүшісі:

Хатшы



П. Жуніс

H. A6v

№3 менгериші жанындағы кеңес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оку жылындағы №3 менгериші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 20.05.2022 ж

Катысқандар саны: 10.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңін өткізу іс- шараларын бекіту, талдау.
2. Жаз кезінде азық- тұліктердің сапасын алуан түрлілігі мен бала тамағын дәрумендендіру.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы есеп берулер.
4. Балалардың науқастығы туралы есеп беру.

Тындалды:

1. Балабақша менгериші П Жұніс менгериші жанындағы кеңестің күн тәртібі мен таныстыруды. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырып, бекітті. Биылғы жаз кезінде аудан қөлемінде «Бақытты балалық шак, бұл мен және сен» семинар өтетінін айтты. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шындауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Балабақшадағы тәрбиленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оку-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталады. Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау кезінде мен әдіскер ретінде келесі қағидаларды ұстануды жөн санаймын: профилактикалық, шынықтыру және сауықтыру технологияларын кешенді пайдалану, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын үздіксіз жүргізу; қарапайым және қол жетімді технологияларды қолдану.

2. Жаз кезінде азық- тұліктердің сапасын алуан түрлілігі мен бала тамағын дәрумендендіру. Екінші мәселе бойынша шаруашылық менгеришісі Д. Ашибердиева мен емдембике Н. Егізбаева жаз маусымындағы азық- тұліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша талдау жасалды. Мектеп жасына дейінгі балалық дұрыс тамақтануының негізгі ережелерін күнделікті ағзаның құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар ет, балық, сүт, жұмыртқа, жеміс- жидектер мен көкеністер, қант, нан, дәннен жасалған тәттілер үнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз.

Балалардың тамағын дәрумендіру аскорбин қышқылы, тәуліктік қажеттілік есебінен 2-6 жастағы балаға -40мг. Дәрумендер дайын тамактарға, ас өзірлейтін бөлмеде, бас медбике, емдәмбикенің қадағалауымен іске асырылады. Дәрумендендірілген тағамдарды қайта жылдытуға кеңес бермейміз. Өйткені тағам құрамындағы аскорбин қышқылы жоғалады.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы есеп берулер. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақшаның барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады. Тәрбиешілердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде баланың бақылау жасайды. Жарактты профилактикалауға көніл бөлу. Балабақша бөлмелерімен қозғалу кезінде, балалар бақшасы аумағынан тыс жерде, сондай-ақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету,

балаларды балалар бақшасы аумағынан тыс жерге жібермеу. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп, оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті. Балаларды үйге жалғыз жіберуге, бөтен адамдармен, мас адамдар қолына беруге тыйым салынады. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген адамға сенімхат рәсімдеу оған ата анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс.

1. Балалардың күні бойы топта болу кезінде ая жылу тәртібін сақтау.
 2. Балалар жоқ кезде ғана бөлмені жөндетеу .
 3. Балаларды серуендеуге ұйымдастық турде шығару, баспалдақтан тұсу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау: балалар тәменгі белдеуден ұстауы, бірін бірі итермеуі және бір бірінен озбауы тиіс.
 4. Балалар серуендейтін жер алдын ала құышты заттар мен улы өсімдіктердің болу жағдайына арнал тексерілуі тиіс, участкідегі жабдықтар ойнау үшін қауіпсіз болуы, шегелердің шығып тұрмауы, тақтайлар сынуға дайын тұрмауы тиіс.
 5. Құмдақтағы құм таңғы және кешкі серуеннен соң міндетті түрде аударылып, конус тәрізді пішінге жинастырылуы тиіс.
 6. Балалар құммен ойнаған кезде, құмды бір біріне лақтырмауын қадағалауы керек . балаларға құм көзге тұсуі мүмкін екендігін ескерту.
 7. Балалар бассейнге қатаң кесте бойынша шомылуы керек.
 8. Тәрбиеші және медициналық қызметкердің қатысуы мен ғана балалар суга шомылуы тиіс.
 9. Балалар шомылған кезде шомылу мен демалуды кезек кезек жүргізу керек . Уақыт мөлшерін сақтау керек
 10. Істық уақытты күн өтуден сақтану үшін балалардың жұмсақ әрі жеңіл бас киімдері болуы тиіс.
 11. Балаларды әткеншек пен сырғанақ тебу, арқанға, баспалдаққа өрмелуеу кезінде, міндетті түрде оларды сақтандыру керек.
 12. Істық уақытта су ішү тәртібін сақтау қажет.
- Осы жоғарыдағы нұсқаулықтар балабақша қызметкерлеріне таныс болғандықтан ешқандай қатты төтенше жағдайлар орын алған жоқ деп өз есебін берді топ тәрбиешілері мен медбике Н. Егізбаева.

4. Балалардың науқастығы туралы есеп беру туралы медбике Н. Егізбаевың есебі тыңдалды. Денсаулық- табигаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сұруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізуі керек. Шынықкан бала аз ауырады, тәбеті мен үйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізуі тиіс. Жыл ішінде еш бір жұқпалы аурулар (гепатит, паратит т.б.) тіркелген жок. Жарақаттанған жағдайлар да болған жок.

№	Аурулардың атауы	2021-2022
1	ЛОР аурулары	0
2	Тіл мүкісі	2
3	Анемия	0
4	Хирургиялық аурулары	0
5	Көз аурулары	0
6	Өкпе қабынуы (пневмония)	0
7	Без аурулары (эндокрийные заболевания)	0
8	Орталық жүйке жүйесінің (ЦНС)	0
9	Жүрек тамырлар жүйесінің (сердечно-сосуд.забол)	1
10	Бауыр аурулары	0
11	Басқа аурулар	0
Барлығы:		2

Жиналыш қаулы етеді:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңін өткізу іс- шараларын бекітіліп. Жұмыстар жүргізілсін.
2. Жаз кезінде азық- тұліктердің сапасын алуан түрлілігі мен бала татағын дәрумендендіруді қадағалауды балабақша шаруашылық менгерушісі Ж.Жайдарбековқа жүктелсін
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар орындалуы балабақша қызметкерлеріне міндеттелсін.
4. Балалардың науқастығы туралы қадағалау балабақша медбикесі Н. Егізбаеваға міндеттелсін.

Балабақша менгерушісі:
Хатшы

**П. Жұніс
Н. Абы**

